

Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты

2021-2022 оқу жылы

**31 қаңтар – 5 ақпан аралығында өткізілген іс-шаралар жоспарының  
ТАЛДАМАСЫ**

5 ақпан

Апталық жоспарға сәйкес 31 қаңтар – 5 ақпан аралығында келесі жұмыстар атқарылды:

1. Мұғалімдердің қысқа мерзімді жоспарлары күнделікті тексеріліп, уақытылы электронды журналға жүктелуі мен бекітілуі бақыланды.
2. Пән мұғалімдерінің электронды журналды уақытылы жүргізілуі күнделікті бақыланып, есеп берілді.
3. Оқушылардың сабаққа қатысулары күнделікті сынып жетекшілері тарапынан тексеріліп, сабақ босатқан оқушылардың себептері, денсаулығына байланысты анықтамалар бойынша есеп алынды.
4. Қорытынды аттестаттауға дайындық жұмыстары жалғастырылып, қосымша сабақтар әкімшілік тарапынан бақыланды.
5. Ағылшын тілі пәнінен оқу техникасының деңгейін пән мұғалімдері тарапынан бақыланып, сабақ барысында оқушылардың оқылым жаттығулары орындауда мәтін мазмұнын түсіну, сөздік қорларының деңгейі назарға алынды.
6. II оқу тоқсанының қорытындысы бойынша білім сапасы төмен сыныптардың, яғни 8 «А», 9 «А» сыныптарының сабақтары әкімшілік тарапынан бақыланды.
7. «Олимпиадалық резерв» мектебінің жұмысы жалғастырылды. Химия, биология, математика пәндерінен 9-11-сынып оқушылары Ш. Уәлиханов ат. Көкшетау университеті оқытушыларының олимпиадаға дайындық сабақтарына қатысты.
8. Қалалық пәндер олимпиадасына дайындық жалғастырылды және оқушылардың дайындығы қадағаланды.
9. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Ахат А.Д., Оңғарбай Ж., «Абайтану» республикалық олимпиадаға қатысатын оқушылармен дайындық жұмыстарын жалғастырды.
10. Элективті, таңдау бойынша пәндер курстарының өтуі қадағаланды. Қаңтардың 31-і БОЖ директорын орынбасары Кусаннова С.З. орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі К.Б. Жетпісбаеваның 7 «А» сыныбында өткізген «Грамматический практикум по русскому языку» элективті курс, ақпанның 2-сі педагог-психолог Д.Ш. Какимжанованың 7«Б» сыныбында өткізген «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау» таңдау бойынша курс

сабақтарына қатысты. Курс сабақтары күнделікті сабақ жоспарларына сай өткізілді, ескертулер болған жоқ.

11. Жас педагогтердің біліктілігін арттыру мақсатында 2022 жылы курстардан өту жөнінде облыстық оқу-әдістемелік кабинетіне өтініш тапсырылды.

12. Озық тәжірибе жалпылау жұмыстары туралы мұғалімдерге бағыт-бағдар берілді.

13. «Жалын» шығармашылық топ жұмысының жоспары негізінде педагог-психолог Какимжанова Д.Ш. оқушылармен «Өрекетті көшіру» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді.